**2021-2022 оқу жылының тәрбие жұмысына талдау.**

Өткен оқу жылындағы тәрбие жұмысының мақсаты анықталып және жоспарлау жұмысына талдау жасалды: Өткен жылғы тәрбиенің басым бағыттары және олардың қойылған мақсаты «Жалпы азаматтық және ұлттық құндылықтарын бойына сіңірген, елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар, салауатты өмір салты негізін ұстанып, жан – жақты және үйлесмді дамыған тұлғаны тәрбиелеу»;

Белгіленген тәрбие міндеттерінің тұлға қалыптастырудағы өзекті бағыттарының бірі 1. Жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және дене бітімдік қабілеттерін дамыту;2. Салауатты өмір салтын нығайту негіздерін қалыптастыру.3.Отан сүйгіштікке тәрбиелеу, тұлғаның өз құқығы және міндетін сезінуді қалыптастыру.4. Экологиялық сауаттылықты және мәдениетті ұстануды қалыптастыру болып табылды.

Тәрбиелік іс-әрекеттердің дұрыс таңдалуы, мазмұны, жұмыс түрлері, педагогикалық әсер ету құралдары, оқушыларды ортақ іске тарту тәсілдері олар; оқушыларға өз бетімен тәрбие жұмысындағы тақырыптар өз-ара бөлініп және өз бетінше жұмыстанулары.

Тәрбие мақсаттарын қайта қарау, үйлестіру қажет болған жоқ және белгіленген міндеттерді шешу нәтижесі, алынған нәтиженің көзделген міндеттерден ауытқуы болған жоқ.

2. Класс ұжымы дамуының талдауы:

Кластың социометриялық, рольдік және коммуникативтік құрылымы бойынша; өзін жоғары бағалайтын екі оқушы анықталды Асқарқызы Еңілік пен Саматова А , себебі ол кластың лидері болуға ұмтылысытары байқалды.

Ұжымның бірауыздылығы мен ұйымшылдық деңгейі жақсы деп бағалаймын, себебі мерекелік шараларға өз бетімен ұйымдастыруға өзіндік дайындықтар жасады.

Класс дәстүрлері; жұмыла көтерген жүк жеңіл деген қағиданы ұстанды.

Класс ұжымындағы қарым-қатынас ерекшеліктері: оқушылардың өзара қарым-қатынасы жақсы, ұлдар мен қыздар арасындағы қарым-қатынасы: ұлдар үнемі қыздырды сыйлап айтқандарын орындап отырды, коммуникативтік іскерлігінің дамуы жоғары сынып оқушылары өтте өнерге, спортқа деген талантты. Адамгершілік қарым-қатынастары жақсы деуге болады себебі бір- біріне көмекке қол созуға дайын, жанашырлық таныта біледі; өзара түсіністіктері мен жолдастық, достық қарым-қатынастарының түзелуі өзгеріс бар, себебі біздің класстың ортаға қойған мақсатымыз да сол ауыз бірлікте болды; «ЕРІКТІ» тобының мүшелері, Дебат тобының мүшелері, театр тобының мүшелері.

Кластағы қоғамдық пікірдің ерекшелігі көп сөйлейді сабақта, қоңырауда деген арыздар болды және оның оқушыларды құндылықтарға бағыттауға әсері, үнемі ескеріліп отырдым;

Оқушылардың мұғалімдерге және мектепке деген көзқарастарындағы басымдылықтары жақсы өздерінің сүйікті ұстаздары бар екенін анықталды;

Класс оқушыларының эмоционалдық көңіл-күйі мінездері бар бірақ сол мінездерін өздері бақылауға үйрене білді;

Ұжымда байқалған келеңсіз жайттар, өзара келіспеушілік болып тұрады себебі басым бөлігі қыздар болағандықтан деп ойлаймын.

Жанжалдардың орын алуы, себептері лидерлікке таласу және оларды басу әректтерім мән –жайын біліп татуластыру, менмендігін жоюға іс әркет жасаймын. Мысалы:Егер олар бөліне бастаса, оларды еш- бір шараға қатыстырмай қоямын.жеке әңімелесемін.

Оқушыларды класс өміріне тарту, олардың өздерінің бірлескен іс-әрекеттерін жоспарлау, ұйымдастыру және талдау жұмысына қатысу деңгейлері, жоғар, тәрбие сағаттарын ұйымдастырғанда байқалады, өткізген сағаттарында бір – бірін бағалайды және бірін- бірі тыңдауды үйренеді;

3. Оқушылардың класс және мектеп өміріне қатысуына талдау:

Оқушылардың мектептегі үйірме, секция, клуб, шығармашылық бірлестіктер жұмысына қатысуы, жоғары деңгеде себебі қыздар: ТынысқалиеваА, Дауылтай Б, Бітімбаева Д т.б оқушылар волейбол сексиясына қатысады.

Оқушылардың жалпы мектепішілік шараларға қатысуы және қатысу уәждері (мотивациясы)жоғары берілген тапсырманы уақытылы орындайды және сынып сағатын жақсы көреді;

5. Класс оқушыларының дамуының талдауы:

Оқушылардың интеллектуальдік, көркемдік, сауықтыру-спорттық және басқа да қызмет түрлері бойынша танымдық қызығуушылығының арту деңгейі, спорттық үйірмеге қатысымдары жақсы, Бұлжетпес, Айнур, Іңкәр,Аягөз т.б волейбол секциясына қатысып орындарға ие болып келді ; Еңілік,Дильназ «Дебат» мүшесі жүлделі орынға ие болды.Театр мүшелері. Әр оқушының өзіне қажетті, қызықты қызмет түрлерімен айналасуы, сынып ішінде секторларға әр оқушыға жүктелген міндеттемелер бар, сол міндетемелер әр оқушының қабілеттілігіне қарай тағайындалған және сол міндеттемелерді қызығушылықпен атқарады ;

Класс оқушыларанығ білім, білік және дағдысы деңгейі, олардың сабақ үлгерімі, орташа үлгілі оқушы жоқ, озат оқушы 8, орташа оқушы 6 ;

Класс оқушыларының жеке қасиеттерінің ашық көріністері;әр -бір оқушының өзіндік қасиеттері бар, Аккенже аққөңіл десем, Дильназ, Гульназ, Інжу жуас үндемейді бірақ әр қайсысын өзіндік қабілеттері бар. Дильназ жаттау жаттағанды жақсы көрсе, Інжу шыгрaмашылықты жақсы көреді,Ерхан мен Жарқын сүрет салғанды ұнатады, Аягөз ,Іңкәр би билегенді ұнатады Исламбек мәнерлеп оқығанды, көрініске қатысқанды жақсы көреді т.б.

Оқушылардың жеке тұлғалық дамуына: жақсы қасиеттердің қалыптасуына, тума таланттӑры мен жеке басының қабілеттерінің дамуына олардың әлеуметтік ортасы (ата-анасы мен туған-туысқандары, жолдастары) мен үйірмелер, секциялар, басқа балалар бірлестіктерінің әсері бар ата – аналарымен жиналыста осы жөнінде талқыланып сөйлесеміз, ата- ана тарапынан қолдау береді;

6. Кластағы тәрбие жұмысының ұйымдастырылуы мен жүргізілуінің пәрменділігі талдауы:

Тәрбие жұмысында қолданылған жұмыс формалары мен түрлері, әдіс-тәсілдер; әр қызмет түрінде ұйымдастырылған іс-шаралардың түрлілігі; жеке, топпен және барлық ұжыммен атқарылған тәрбиелік шаралардың өзара үндестігі; жоғарыда айтылып өткендей әр оқушыға арнайы тақырыптар берілді тәрбие жоспарынан алынып сол жоспар бойынша түрлі шаралар өтті. Мысалы. Шәмші әндері деген сияқты, оқушылар әйгілі композитордың туындысынан бір ән екі оқушыдан орындап сайыс ұйымдастырылды.

Оқушылардың өткізілген тәрбиелік шаралаға қанағаттануы (оқушылар қызығып қатысқан шараларды және олар үшін қызықсыз болған шараларды көрсетіңіз), оқушылар барлық шараларға қызыға қатысып отырды;қызықсыз

Класс оқушыларының дамуына әсері мол болған педагогикалық орта мен тәрбиелік әдіс-тәсілдер (адамгершілік қасиеттерінің дамуы, жауапкершілік, танымдық қызыгушылығы, салауатты өмір сүру белсенділігі, т.б.), осымен тоқталмайды келер жылда да жалғасын табады, спорттық ойындар қыс мезгілі ұйымдастырылды,жауапкершілік өздеріне көп артамын олар оны сезінеді, секцияларға қатысып отырады;

Класс ұжымының бірлігіне себеп болған жалпы класстық, ұжымдық шығармашылық істері эссе жазуды ұнатады және би билегенді өздері қимыл тауып әнін ізденіп ұйымдасып орындайды.

7. Оқушылармен жеке жүргізілген тәрбие жұмысының нәтижесінің талдауы:

Дарынды балалармен атқарған жұмыстар нәтижесінде, Дильназ ағылшын пәнінен аудандық олимпиададан 2 орын, облыстық кезенінен 1 орынға ие болды; Еңілік аудандық онлайн олимпиадасынан 3 орынға ие болды казақ тілі пәнінен.

Үлгерімі төмен, білім алу құштарлығы төмен оқушылармен жүргізілген жұмыс нәтижесі, бойынша ондай оқушы жоқ әр қайсысы өзінше білім алуға тырысады;

8. Педагогикалық ұжыммен өзара байланыс талдауы:

Пән мұғалімдерімен қарым-қатынас, оқушыларға қойылатын талаптар бірлігі, сабақтың үстінде тыныш отыруы, үй тапсырмасын орындап келу;

Үйірме, секция, түрлі шығармашылық бірлестіктер жетекшілерімен байланыс жақсы;

Өткізілген ашық тәрбиелік шаралар және олардың нәтижесі, әр өткізген тәрбие сағатынан қажетті де бойына сіңіретін тәрбиелік мәні бар сабақтар алды.

9. Отбасымен педагогикалық байланыс :

Ата-аналардың кластағы тәрбие жұмысына әсері мен көмегі, зор, ашқы тәрбие сағаттарына келіп қатысып тұрады;

Ата-аналармен бірлесе өткізген тәрбиелік шаралар және олардың тәрбиелі әсері қандай болды; «Жүктілікті алдын алу» онлайн түрде ата ана жиналысы өтті, және «Суйцидті алдын алу» тақырыбында онлайн түрінде жиналыс өтілді кері байланыс алнды белсенді қатысқан Жұбатқанаова Г ата – ана. Тоқсан соңында қортынды жиналыс өткізілді, ондаған қаралаған мәселе жазғы «Каникул кезіндегі қауіпсіздік» шаралары. Қарым қатынастары күшейе түсті.

Оқушылардың отбасын зерттеу және осы негізде отбасылармен жүргізілген жұмыстар, социолог пен бірлесе отбасы жағдайы қыркүйек айында зерттелді, әр бір оқушының үйін аралап, сабаққа дайындығы мен жағдайлары аралап өттім

Ата-аналар жиналыстарының тематикасы, олардың нәтижелілігі; бірде - бір жиналысқа қатыспаған ата-аналар болған жоқ телефон арқылы хабарласып отырамын.

10. Қорытынды:

Класс ұжымының өткен жылғы басты жетістіктері; секция жарыстардан орындарға ие болды . Оқушыларды тәрбиелеу ісіндегі сәттіліктіліктер, пәндік олимпиада және зерттеулерден аудан көлемінен облыс көлемінде өтіп орынға ие болды; жинақталған оңтайлы іс-тәжірибелер;

Келесі оқу жылының перспективалық мақсаты мен жетекші міндеттері; тәрбиенің басым бағыттары; бірлікке баулу, бірін біріне жанашарлық, сабаққа деген қызуғышылығын арттыру.Алдағы тұрған мемлекеттік экзамендерге дайындықтарын күшейту.пәндік олимпиадаға қатыстыру.

9 сынып жетекшісі: Кабылканова Л